

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1909 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру" қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 13 қарашадағы N 450. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2095. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 321 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұда әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

*Күші жойылды деп танылған
Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесі*

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1909 тіркелген Сақтандыру "қайта сақтандыру" ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 13 қарашадағы N 450 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2095 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" N 26 (248) басылымдарында 2002 жылғы 16-31 желтоқсанда жарияланған)...

Төраға

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру" қайта сақтандыру" ұйымының сақтандыру резервтерінің ең аз мөлшерін бекіту туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 210 қаулысына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1909 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 15-28 шілдеде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) және 2) тармақшаларындағы "сақтандыру сыйлықақысы сомасының" деген сөздерден кейін "қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті(Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, актуарийлерге және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұ й ы м д а р ы н а ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы